

Қарағанды облысы Абай ауданы Дубовка ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 23 ақпандағы № 07/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2017 жылғы 23 ақпандағы № 13/136 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 наурызда № 4180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес, Абай және Бұқар-Жырау аудандары арасындағы шекараны өзгерту жөніндегі шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына сәйкес Қарағанды облысы Абай ауданы Дубовка ауылының шекарасы (шегі) белгіленсін.

2. "Абай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер-есеп құжаттамасына тиісті өзгерістерді енгізсін.

3. Осы бірлескен аудан әкімдігінің қаулысы мен аудандық мәслихат шешімінің орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына және Абай аудандық мәслихатының экономика, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.


4. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң кейін қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі
Сессия төрағасы
Абай аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Шайдаров
Р. Мұсағалиев
Б. Цай

Бірлескен Абай ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 23 ақпандағы
№ 07/01 қаулысы мен
Абай аудандық мәслихатының
2017 жылғы 23 ақпандағы
13 кезектен тыс сессиясының
№ 13/136 шешіміне қосымша

Қарағанды облысы Абай ауданы Дубовка ауылының шекарасы (шегі)



Жер экспликациясы

Атауы	Барлық жер, га	Барлық шаруашылығы алқаптары, га	Соның ішінде						Басқа жерлер, га	
			Егістік, га		Шабындықтар, га		Жайылым, га			
			барлығы	оның ішінде суармалы егістік	барлығы	жайылма шабындық	барлығы	оның ішінде Т Ж жайылым		
Қарағанды облысы Абай ауданының Дубовка аулы	6925	5790	221	-	600	600	4969	1309	-	1135